

Торайғыров университетінің
ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
Торайғыров университета

**ТОРАЙҒЫРОВ
УНИВЕРСИТЕТІНІҢ
ХАБАРШЫСЫ**

ПЕДАГОГИКАЛЫҚ СЕРИЯСЫ
1997 ЖЫЛДАН БАСТАП ШЫҒАДЫ



**ВЕСТНИК
ТОРАЙҒЫРОВ
УНИВЕРСИТЕТА**

ПЕДАГОГИЧЕСКАЯ СЕРИЯ
ИЗДАЕТСЯ С 1997 ГОДА

ISSN 2710-2661

№ 3 (2021)

ПАВЛОДАР

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
Торайгыров университета

Педагогическая серия
выходит 4 раза в год

СВИДЕТЕЛЬСТВО

о постановке на переучет периодического печатного издания,
информационного агентства и сетевого издания

№ KZ03VPY00029269

выдано

Министерством информации и коммуникаций
Республики Казахстан

Тематическая направленность

публикация материалов в области педагогики,
психологии и методики преподавания

Подписной индекс – 76137

<https://doi.org/10.48081/FQUO1167>

Бас редакторы – главный редактор

Бурдина Е. И.

д.п.н., профессор

Заместитель главного редактора

Абыкенова Д. Б., *PhD доктор*

Ответственный секретарь

Нургалиева М. Е., *PhD доктор*

Редакция алқасы – Редакционная коллегия

Пфейфер Н. Э.,

д.п.н., профессор

Жумагаева Е.,

д.п.н., профессор

Абибулаева А. Б.

д.п.н., профессор

Фоминых Н. Ю.,

д.п.н., профессор (Россия)

Снопкова Е. И.,

к.п.н., профессор (Белоруссия)

Мирза Н. В.,

д.п.н., профессор

Донцов А. С.,

доктор PhD

Шокубаева З. Ж.,

технический редактор

За достоверность материалов и рекламы ответственность несут авторы и рекламодатели

Редакция оставляет за собой право на отклонение материалов

При использовании материалов журнала ссылка на «Вестник Торайгыров университета» обязательна

ИНКЛЮЗИВНОЕ ОБРАЗОВАНИЕ

FTAMP 14.29.29

<https://doi.org/10.48081/NVSJ5687>

**К. Ш. Коккозева¹, К. С. Ахметжанова², К. Ш. Кумаржанова³,
*Р. Т. Байчинов⁴**

^{1,2,4}С. Аманжолов атындағы Шығыс-Қазақстан университеті,
Қазақстан Республикасы, Өскемен қ.

²ШҚО ББ «Ұлан ауданының психологиялық-педагогикалық түзеу
кабинеті» КММ,

Қазақстан Республикасы, Қ. Қайсенов к.

³ШҚО ББ Өскемен қаласы білім бөлімінің «№5 орта мектебі» КММ,
Қазақстан Республикасы, Өскемен қ.

⁴ШҚО ББ «Облыстық психологиялық-медициналық-педагогикалық
кеңесі» КММ,

Қазақстан Республикасы, Өскемен қ.

ДИЗАРТРИЯСЫ БАР БАЛАЛАРДЫ ЛОГОПЕДИЯЛЫҚ ТЕКСЕРУДЕ НЕЙРОПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ӘДІСТЕРДІ ҚОЛДАНУ

Мақалада дизартриясы бар кіші мектеп жасындағы балаларды логопедиялық тексерудің қазіргі жағдайын талдау ұсынылған. Теориялық зерттеулерді талдау және тәжірибе аталған мәселенің өзекті екендігін көрсетті.

Авторлар дизартриясы бар балаларды логопедиялық тексеру кезінде нейропсихологиялық әдістерді қолдануға баса назар аударады, себебі кіші мектеп жасындағы балаларды зерттеу динамикалық, эмоционалды жағымды, кешенді болуы қажет, ал бұл жағдай тексерудің тиімді әдістерін одан ары іздеуге және қолдануға итермелейді. Авторлардың пікірі бойынша, дизартриясы бар балаларға логопедиялық тексеру барысында нейропсихологиялық әдістерді қолдану аса маңызды, өйткені сөйлеу белсенділігіне өсіп келе жатқан баланың барлық жоғары психикалық функциялары қатысады – есте сақтау, ойлау, зейін, қиял. Белгілі болғандай, баланың когнитивті сферасының дамуы сөйлеу тілінің, сондай-

ақ жоғары психикалық функциялардың дамуының негізі болып табылады. Авторлар өздерінің тәжірибелері негізінде дизартриясы бар балаларды логопедиялық тексеру барысында нейропсихологиялық әдістерді қолданудың маңыздылығын рет-ретімен дәлелдейді. Логопед үшін коррекциялық жұмыста дұрыс бағытта «мәжбүрлі» жұмыс жасату үшін мидың құрылымы мен оның бөлімдері бұзылыстарының түрін дұрыс анықтаудың маңыздылығы ерекше көрсетіледі.

Кілтті сөздер: дизартрия, балалар, кіші мектеп жасы, логопедиялық тексеру, нейропсихологиялық әдістер.

Кіріспе

Бүгінгі таңда логопедиялық тәжірибеде кіші мектеп жасындағы балаларда дизартриялық бұзылыстар жиі кездеседі [1].

Арнайы әдебиеттердегі зерттеулерде дизартрия сөйлеу тілі аппаратындағы ағзалар мен тіндердің жүйкемен қамтамасыз етілуінің органикалық жеткіліксіздігінен сөйлеу тілінің дыбыстарды айту жағынан бұзылуы деп көрсетілген [2].

Г. Г. Гутцман, О. В. Правдина, Л. В. Мелехова, О. А. Токарева, И. И. Панченко, Р. И. Мартынова, Е. М. Мастюкова, К. А. Семенова, Л. В. Лопатина, Н. В. Серебрякова, Э. Я. Сизова, Э. К. Макарова, Е. Ф. Архипова, Е. Ф. Соботович және тағы басқа ғалымдардың еңбектерінде дизартриялық бұзылыстардың симптоматикасы ретінде артикуляцияның «таза еместігі», «көмескілігі», сондай-ақ түсініксіз мәнерсіз сөйлеу, нашар дикция, буындық құрылымы бойынша күрделі сөздегі дыбыстарды алмастыру, қалдырып кету және тағы да басқалары байқалатындығы, сол себептен балалар ұзақ, жүйелі жекелей логопедиялық көмекті қажет ететіндігі нақты көрсетілген [3; 4].

Сонымен, жоғарыда аталған авторлардың зерттеу жұмыстарын талдау дизартриялық бұзылыстар кезіндегі логопедиялық тексеру жұмысы мәселені толығымен шешпейтіндігін, дизартрияны диагностиаудың жаңа әдістемелік аспектілерін, тиімді бағыттарын одан ары өңдеу маңыздылығын көрсетті. Сол себептен, біздің ойымызша, кіші мектеп жасындағы балаларды зерттеу динамикалық, эмоционалды жағымды, шаршатпайтын және жан-жақты болуы керек, ал бұл жағдай тексерудің тиімді бағыттарын одан ары іздеуге және қолдануға итермелейді.

Зерттеу жұмысының теориялық бөлімі эксперименталды зерттеудегі мақсатымызды анықтауға мүмкіндік берді, ол – дизартриясы бар балаларды логопедиялық тексеруде нейропсихологиялық әдістерді қолдану.

Материалдар және әдістер

Эксперименталды зерттеу жыл басында және соңында 2 апта көлемінде Қ. Қайсенов кентіндегі Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасы «Облыстық психологиялық-медициналық-педагогикалық кеңесі» және «Ұлан ауданының психологиялық-педагогикалық түзету кабинеті» КММ дизартриялық бұзылыстары бар 6-7 жас (2 қыз және 4 ұл) аралығындағы 6 балаға жүргізілді.

Қазіргі кезде нейропсихологиялық әдіс сөйлеу тілі дамуындағы әртүрлі қиындықтарды нақты анықтауда қолданылады [1]. Біздің ойымызша, бұл әдіс дизартриялық бұзылыстарды диагностиқтауға, нақты айтқанда, баланың тілдік және психикалық ерекшеліктерін барынша анықтауға, түзету жұмысын нақты бағыттауға мүмкіндік береді.

Біз зертеу жұмысында А. Р. Лурия нақты болжаған сөйлеу үрдісінің психофизиологиялық негізіне сүйенеміз. Атап айтқанда, аталған концепцияда жүйелер бас миының функционалды және құрылымдық спецификасы негізінде жүзеге асатыны, оның бірі бас миының алдыңғы бөлігінде екендігін және қозғалу үрдістеріне қатысатындығы, мидың бұл бөліктері сөздің байланысын реттеп отыратындығы, ал екінші жүйе мидың артқы бөлігінде орналасқан ақпарат сақтауға өңдеуге қатысатындығы нақты дәлелденген [5].

Аталған әдістер тесттік сипатта болып, оны жүргізу барысы мен бағалау жүйесі стандартталынған [6]. Бұл сөйлеу тілі бұзылысының бейнесін көрнекі байқауға және сөйлеу тілінің әртүрлі жақтарының бұзылыстарының көріну деңгейін анықтауға, баланың сөйлеу тілінің даму динамикасын және түзету әсерін нәтижелігін қарауға қолайлы болып келеді.

Осы ретте, балалардың ауызша сөйлеуін тексерудегі диагностикалық әдістемені жүргізу шарттары төмендегідей болды:

- тексеру барысында баланың эмоционалды оң күйге келтіру;
- тілдесуге оңтайлы жағдай жасау;
- ойын түрінде жүргізу;
- суреттерге сүйене отырып, сөздік нұсқауды жай немесе құрмалас сөйлем түрінде беру;
- түсінікті анықтау үшін анықтама сұрақтар қою [1].

Балаларды тексеру Л.С. Цветкованың [7] әдісі арқылы жүргізілді. Ол келесідей сатылардан тұрды:

Кесте 2 – Экспрессивті сөйлеу тілі

Тесттер	Материалдар	Қолданылуы	Симптомдарды талдау (қателіктер)
1	2	3	4
1. Спонтанды сөйлеу: әңгімелесу әдісі	Б а л а м е н о ғ а н жақын тақырыпта әңгімелесу.	Мектепте сабақтарын қалай? Сен кіммен доссың?	Былай болуы мүмкін: 1 – сұрақ мазмұнына сай, бір-екі күрделі жауап; 2 – жауаптың болмауы, эхолалия және персеверация т.б
2. Диалогтық сөйлеу тілі: қысқа сұрақ жауап әдісі.	Қ ы с қ а с ұ р а қ - жауаптар.	Тақырыбы : «Мектеп туралы», «Жазғы демалыс кезінде сен не істедің?» т.с.с.	3 – нақты емес жауаптар – осы және басқада сөздік тігірендіргіштер мандай және мандай арты бөлімдердің дисфункциясын көрсетеді; 4 – мандай бөліктерінің дисфункциясы; 5 – сөзді табудағы, тіркесті құрастыру-дағы қиындық, самай, төбе бөлім-дерінің дисфунк-циясы.
Автоматтан-дырылған сөйлеу	1-ден 10-ға дейінгі сандық қатарды айтуы; апта, айаттарын атауы.	1-ден 10-ға дейін сана, ал енді кері сана; апта күндерін ата.	мүмкін литералды (моторлы және сенсорлы) парапазия, аграмматизмдер (әр түрлі негізден) болуы мүмкін; мидың бұзылысына әсер ететін қателіктерді дұрыс табу қажет.
Қайталау сөйлеу тілі.	а) қайталау: 1) дыбыстар: а, о, у, б, к, п, д, л, т, н, х, р, ч; 2) ұқсас ды-быстар: б-н, к-с, м-р; 3) оппози-циялық дыбыс жұптары: б-п, д-т, к-г, х-к, з-с және т.б.; 4) дыбыстар сериясы: би-ба-бо, бо-би-ба және т.б.	Қайталауға арналған мате-риал бір элемент бойынша беріледі (дыбыс, буын, сөз). «Менімен бірге сөздерді қайтала: көзінді жұмда, мұқият тындап, қайтала. Ал енді дыбыс сынарын қайтала» және т.б.	Оппозициялық дыбыс жұптарын қайталау қателігі тек қана фонематикалық естудің бұзылуы нәтижесінен ғана емес, сонымен қоса моторика бұзылы-сынан да болуы мүмкін. Басқа индикатор көмегімен тексеріледі. Осы дыбыс жұпта-рын қайталауда кемістіктердің қосылуы мидың маңдай арты бөлігі-нің дисфункциясынан немесе қыртыстық белсенділіктің жалпы төмендеуінен болады.
	б) сөзді қайталау: терезе, төбе, үй, түтін.	Мұқият тындап, менімен бірге қайтала.	Сөзді қайталаудағы қателіктер әртүрлі себептерге байла-нысты болуы мүмкін: 1) фонематикалық естудің бұзылысы (самай бөлігі – 22 алаң); 2) сөйлеу процесінің инерттілігі (пер-северация, конта-минация) – мандай арты бөлік; 3) есту бұзылысы (самай бөлігі) және сөйлеудің моторлы бұзылысы (литералды моторлы парафазиялар және т.б.)

	в) сөз тіркесін қайталау (біргіндеп сөйлем көлемі күрделеніп отырады): Ай жарық. Бала ұйықтап жатыр. Қыз бала орманға барды. Бала доппен ойнап жүр.		Есту-сөйлеу есі, есту арқылы қабылдаудың көлемі тексеріледі. Мүмкін болатын қателіктер: тіркес көлемін немесе соңғы сөзді ұмытып қалу, литералды және вербалды парафазия мидың самай бөлігінің дисфункциясын білдіреді; келесі тіркес элементтерінің контаминациясы, персеверациясы маңдай және маңдай арты бөліктердің сәйкес дисфункциясына байланысты болуы мүмкін.
Белсенді сөйлеу тілі	а) бейнелі сурет бойынша әңгіме; б) өзіндік шығарма (берілген тақырыпта ауызша әңгіме)	Мына суретте не бейнелен-генін айтшы? Тек толық жауап керек. Қыс мезгілі	Белсенділік, әңгіме байланыстылығы, лексика, парафазия-ның бар-жоқтығы, аграмматизмдер, сурет сюжетіне сәйкестік тексеріледі. Бұл мәселе жан-жақты, оның көмегімен есту-сөйлеу есі, сөйлеу, вербалды ойлау тексеріледі. Қателіктер: лексикада – литералды және вербалды парафазия, лексикалық құрамның, сөйлеу грамматикасының кедейлігі (сөйлеу зоналарының зақымдалуы), пікірлердің байланыстылығы, адекваттылық, сюжет пен оның мағынасын түсіну (мидың маңдай зонасының зақымдалуы).
Номинативті сөйлеу	Н о м и н а т и в т і суреттер бойынша заттарды атау	Мына суретті ата (көрсетіледі), ал енді мынаны т.с.с одан соң 2 сурет – мынаны ата. Сосын 3тен.	Мынандай қателіктер болуы мүмкін: сенсорлық және моторлық негізден (литеральді парафазия). Самай жарты шарының төменгі төбе және самай бөлімдерінің дисфункциясы болуы мүмкін.
	Дене бөліктерін атауы және түсінуі – мұрын, көз, мойын, құлақ, қол, аяқ, қас, шаш	Сенің мұрының қайда көрсетші?. Ал енді-көзіңді, аузыңды көрсет. Ал енді менікің көрсет-ші. Бұл не айтшы? (көзді мұрынды көрсетіп айтамыз.)	Дене бөліктерінің кемістікті атағанда сомато-кеңістіктік сезінудің бұзылуы, мидың төбе бөлімінің дисфунк-циясы жайлы айтуға болады.

Кесте 3 – Импрессивті сөйлеу тілі

Тесты	Материал	Инструкция	Симптомдарды талдау (кателіктер)
1	2	3	4
1. Вербалды нұсқауларды түсіну және орындау әдісі	Тіркестер : 1. Көзінді жұм . 2. Аузыңды аш. 3.Қолыңды қой. 4.Орнын-нан тұрып, есікке ба-рып қайта кел.	Мен саған тапсырма беремін сен мұқият тыңдап,орында.	Самай бөлімдерінің дисфункциясы кезінде барынша сөйлеу нұсқаулары бұзылады. Дегенмен, көбінесе, осы нұсқауларды түсіну сақталады.
2. Қаратпа сөзді түсінуі: Әңгімелесу әдісі	Күнделікті өмірде қолданылатын әңгіме. «Сен бүгін таңғы асыңды іштіңбе? Сен не жедің? Бүгін ауа-райы қалай? Саған менімен бірге жұмыс жасаған ұнайма?»	Мен саған сұрақ қоямын, ал сен жауап бересің. Егер қаласаң, сенде маған сұрақ қоя аласың мен саған жауап беремін.	Мазмұны бойынша әртүрлі, контекстен тыс, жалпы тақырыппен байланысты емес сұрақтар қойған дұрыс, сонда ғана түсінудің бұзылуы анықталады. Бұл кемістік бәрінен бұрын самай бөлімдерінің дисфункциясымен байланысты.
3.Заттық сөздерді түсінуі. Аталған заттарды көрсету әдісі.	1.Заттық суреттер 2. Қоршаған орта заттары.	Алдымен бір заттан кейін екі, үш затты көрсетуін сұраймыз. «Үстелді» көрсетші, «алманы» көрсет. Алманы және қасықты көрсет.	Көлемінің үлкеюі кателіктерге әкелуі мүмкін: - Келесі сөздерді ұмыту; - Бір суретті басқасымен ауыстыру; - Бас тарту; - Адекватты емес суреттерді көрсету. Бұл кемістіктер сол жақ самай зонасының патологиясымен, оның 2-ші самай иірілімімен байланысты.
4. Тіркесті түсіну әдісі.	Сөз тіркесінің граммати-калық құрылымына байланысты жай және қысқасөйлемдер. Түсіну көрсеткіші (индикатор) – тіркес-ке сай суретті көрсету.	Мына суреттерді көрсетші: «Бала орындықта отыр». «үстелде гүл тұр»	

5. Фонемати-калық есту.	Жеке дыбыстар: Дизьюнкті – а-қ, б-л, т-ш; Оппозиционные – б, п, д, т (бір дыбыстан ғана беріледі)	Қайталау көрсеткіші. Көзінді жұмып, менімен бірге қайтала. Индикатор – дыбыс. Мен дыбысты айтамын сен сол дыбысты табасын букву (3-4 ішінен – Б, П, Г, Д немесе А, К, О, Р) Индикатор –рефлекторлы реакция. Мен Б дыбысын айтқанда, сен қолыңды көтер, ал П дыбысын айтсам, көтерме.	Қателіктер: оппозициялық дыбыстарды ауыстыру сенсорлы афазия туралы ақпарат береді (жоғары самай иірілімдерінің дисфункциясы – 22 алаң)
-------------------------	-------------------------------------------------------------------------------------------------------------	----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------	-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------

Кесте 4 – Логикалық-грамматикалық құрылымдарды түсіну

Тесттер	Материал	Инструкция	Симптомдарды талдау (қателіктер)
1	2	3	4
1. грамматикалық құрылымдарды тексеруге	Кез келген заттар – қарындаш,кілт, дәптер	Бір заттан: «Дәптерді көрсетші ». Екі заттан (интонацияны өзгертпей): «Дәптер мен қарындашты », «дәптермен қарындашты, қарындашпен кілтті ,кілтпен дәптерді көрсет» т.с.с.	Бұл пробалар грамматикалық байланыстырып сөйлеуді түсінуді тексеруге бағытталған. Түсінудегі қателіктер мидың сол жақ жарты шарының ТРО зонасының патологиясын білдіреді.
2. салыстырмалы конструкциялар	Шыбын пілден ү л к е н . Пі л шыбынан үлкен	Қай сөйлем дұрыс?	
3. инверсия	Қанат Аманды соқты	Кім тентек?	
4. сөйлем құрылымы	Кеңістікте жатқан заттар (қарындаш, кілт т.с.с	Қарындашты үстелге қой, қарын-дашты үстелдің астына қой т.с.с	

Нәтижелері және талқылануы

Нәтижелерді өңдеуде Л. С. Цветкованың, Т. В. Ахутинаның және Н. М. Пылаеваның ұсынған сөйлеу тілі сынамалары қолданылған Т. А. Фотекованың [8] диагностикалық әдістемесі бойынша бағалау критерилері қолданылды. Сонымен қатар, А. Р. Луриямен [5] жасалынған күрделі грамматикалық қатынастарды түсіну де зерттелінді. Ал жалпы әдістемені жүргізу жемісті болуы үшін әрбір тапсырамны орындауға байланысты балдық жүйе ойластырылған, бұл зерттеу жұмысының мақсаты мен міндетін анық айшықтауға көмектесті.

Зерттеу нәтижелерін талдау мен өңдеудің тапсырманы орындауға арналған екі деңгейі ойластырылған:

логопедиялық – бағалау жүйесі негізінде, үлгерімнің жалпы деңгейін, сөйлеудің әртүрлі жағын, тілдік сұлбаны салу;

нейропсихологиялық – сөйлеудің бұзылыстарын анықтап қана қоймай, психологиялық механизмдерді негізінде қарастырады [9]. Бұл мақсатқа жету үшін бас ми қыртысының алдыңғы және артқы бөлік функциясына сай бағалау жүйесі енгізілген. Талдаудың бұл тәсілдері А. Р. Лурия, Т. В. Ахутинаның теориясына негізделген [5; 10].

Бағалау: барлық тапсырмалар сериясы үшін жалпы критерий бойынша жүзеге асырылды:

1 балл – нақты және дұрыс жауап;

0,5 балл – өзіндік түзету немесе стимулды көмектен кейінгі дұрыс жауап;

0,25 балл – дұрыс құрылмаған форма;

0 балл – орындамау немесе орындаудан бас тарту.

Әрбір тапсырмалар тобының өздеріне тән бағалау деңгейлері бар.

Т. А. Фотекованың [7] пайымдауынша, балалардың даму деңгейлері төмендегідей болды:


IV деңгей – 100–70 % – жоғары.

III деңгей – 69,9–45 % – орташадан жоғары.

II деңгей – 44,9–20 % – орташа.

I деңгей – 19,9 % – 0 – төмен.

Жоғарыда мәліметтер негізінде экспериментке алынған балалардың алғашқы және логопедиялық түзету жұмыстарынан кейін жүргізілген екіншілік тексеру нәтижесінің салыстырмалы сараптамасы деңгейлер бойынша сандық қатынаста бағаланды.



Сурет 1 – Балаларды алғашқы және екіншілік тексеру нәтижесінің ортақ пайыздық қатынас диаграммасы

I – біріншілік тексеру; II – екіншілік тексеру.
1 – экспрессивті сөйлеу тілі; 2 – импрессивті сөйлеу тілі; 3 – логикалық-грамматикалық құрылымдар.

Қорытынды

Қорытындылай келе, біздің жоғарыда көрсеткен зерттеулерімізді айғақтайтын шешім, келесі:

- 1) дизартриялық бұзылыстар кездесетін балалармен жеке қарым-қатынасқа түсуге және олардың мүмкіндіктерін білуге көп септігін тигізді;
- 2) дизартриясы бар балаларды логопедиялық тексеруде біз қолданған нейропсихологиялық әдістер сөйлеу тілі қиындықтарын барынша анықтауға мүмкіндік берді;
- 3) түзете-дамытушылық жұмыстарды дұрыс жоспарлауға негіз болды;
- 4) аталған әдістерді алдағы уақытта қолдану көзделді.

Пайдаланған деректер тізімі

1 **Ерсарина, А. К.** Балалардың дене және психикалық дамуының бұзылыстарын диагностикалау: ПМПК мамандарына арналған анықтамалық-әдістемелік құрал, 3 бөлім. Балалардың сөйлеу тіліндегі бұзылыстарды клиникалық және психологиялық-педагогикалық тұрғыдан топтастыру. – Алматы, 2014. – 306 б.

2 **Бадалян, Л. О.** Детская неврология. / Л. О. Бадалян. – М. : ООО «МЕДпресс», 1998. – 359 с.

3 **Архипова, Е. Ф.** Клинико-педагогическая характеристика детей со стертой формой дизартрии //Актуальные вопросы теории и практики коррекционной педагогики. – М., 1997. – 276 с.

4 **Лопатина, Л. В.** Структура речевого дефекта у дошкольников со стертой дизартрией //Актуальные проблемы обучения, адаптации и интеграции детей с нарушениями речевого развития. – СПб, 1995. – С. 149–150.

5 **Лурия, А. Р.** Высшие корковые функции человека и их нарушения при локальных поражениях мозга. – Изд. 3-е. – М. : Академический Проект, 2000. – 512 с.

6 **Цветкова, Л. С.** Актуальные вопросы нейропсихологии детского возраста. – Москва-Воронеж, 2007. – 304 с.

7 **Цветкова, Л. С., Цветков, А. В.** Проблема синдрома в нейропсихологии детского возраста. – Научный журнал Вопросы психологии. – 2009. – № 2. – С. 164–170.

8 **Фотекова, Т. А.** Тестовая методика диагностики устной речи младших школьников. – М., 2000. – 129 с.

9 **Цветкова, Л. С.** Методика нейропсихологической диагностики детей. Изд. 2-е, исправленное и дополненное [текст]. – М. : «Российское педагогическое агентство», «Когито-центр», 1998. – 128 с.

10 **Фотекова, Т. А., Ахутина, Т. В.** Диагностика речевых нарушений школьников с использованием нейропсихологических методов: методическое пособие. – 2-е изд., испр. и доп. : Айрис-пресс, 2007. – 176 с.

References

1 **Ersarina, A. K.** Balalardyň dene jäne psihikalyq damuynyň bűzylystaryn diagnostikalau: PMPK mamandaryna arnalğan anyqtamalyq-ädistemelik qůral, 3 bűlim. Balalardyň sűileu tilindegi bűzylystardy klinikalyq jäne psihikalyq-pedagogikalyq tűrğydan toptastyru. [Diagnosis of violations of the physical and mental development of children: reference manual for specialists of the PMPC, section 3. Clinical and psychological-pedagogical grouping of disorders in the language of speech of children]. – Almaty, 2014. – 306 b.

2 **Badalyan, L. O.** Detskaya nevrologiya. [Pediatric neurology]. – М. : ООО «MEDpress», 1998. – 359 s.

3 **Arkhipova, E. F.** Kliniko-pedagogicheskaya kharakteristika detej so stertoj formoj dizartrii //Aktualnye voprosy teorii i praktiki korrekcionnoj pedagogiki. [Clinical and pedagogical characteristics of children with erased dysarthria// Topical issues of the theory and practice of corrective pedagogy]. – М., 1997. – 276 s.

4 **Lopatina, L. V.** Struktura rechevogo defekta u doshkolnikov so stertoj dizartriiej//Aktualnye problemy obucheniya, adaptaczii i integraczii detej s narusheniyami rechevogo razvitiya. [Structure of speech defect in preschoolers with erased dysarthria//Topical problems of education, adaptation and integration of children with impaired speech development]. – SPb, 1995. – S. 149–150.

5 **Luriya, A. R.** Vysshie korkovyie funkczii cheloveka i ikh narusheniya pri lokalnykh porazheniyakh mozga. – Izd. 3-e. [Higher human cortical functions and their disorders in local brain lesions]. – М. : Akademieskij Proekt, 2000. – 512 s.

6 **Czvetkova, L. S.** Aktualnye voprosy nejropsikhologii detskogo vozrasta. [Topical issues of neuropsychology of childhood]. – Moskva-Voronezh, 2007. – 304 s.

7 **Czvetkova, L. S., Czvetkov, A. V.** Problema sindroma v nejropsikhologii detskogo vozrasta. [The Problem of Syndrome in Childhood Neuropsychology]. – Nauchnyi zhurnal Voprosy psikhologii, 2009. – № 2. – P.164–170.

8 **Fotekova, T. A.** Testovaya metodika diagnostiki ustnoj rechi mladshikh shkolnikov. [Test technique for diagnosing speech of junior schoolchildren]. – М., 2000. – 129 s.

9 **Czvetkova, L. S.** Metodika nejropsikhologicheskoy diagnostiki detej. Izd. 2-e, ispravlennoe i dopolnennoe. [Method of neuropsychological diagnosis of children]. – М. : «Rossijskoe pedagogicheskoe agentstvo», «Kogito-czentr», 1998. – 128 s.

10 **Fotekova, T. A., Ahutina, T. V.** Diagnostika rechevyih narusheniy shkolnikov s ispolzovaniem nejropsihologicheskikh metodov: metodicheskoe posobie, 2-e izd., ispr. i dop. [Diagnosis of speech disorders of schoolchildren using neuropsychological methods: study guide]. – Ayris-press, 2007. – 176 s.

Материал 09.09.21 баспаға түсті.

*К. Ш. Коккозева¹, К. С. Ахметжанова², К. Ш. Кумаржанова³, *Р. Т. Байчинов⁴*

^{1,2,4}Восточно-Казахстанский университет имени С. Аманжолова,

Республика Казахстан, г. Усть-Каменогорск;

²КГУ «Кабинет психолого-педагогической коррекции Уланского района» УО ВКО, Республика Казахстан, п. К. Кайсенов;

³КГУ «Средняя школа №5» отдел образования,

Республика Казахстан, г. Усть-Каменогорска;

⁴«Областная психолого-медико-педагогическая консультация» УО ВКО, Республика Казахстан, г. Усть-Каменогорск

ИСПОЛЬЗОВАНИЕ НЕЙРОПСИХОЛОГИЧЕСКИХ МЕТОДОВ ПРИ ЛОГОПЕДИЧЕСКОМ ОБСЛЕДОВАНИИ ДЕТЕЙ С ДИЗАРТРИЕЙ

В статье представлен анализ современного состояния проблемы логопедического обследования детей младшего школьного возраста с дизартрией. Анализ теоретических исследований и практика показал актуальность данной проблемы.

Особое внимание авторы статьи уделяют применению нейropsихологических методов при логопедическом обследовании детей с дизартрией, так как исследование детей младшего школьного возраста должно быть динамичным, эмоционально позитивным, комплексным и это обстоятельство побуждает к дальнейшему поиску и использованию эффективных методов обследования. Применение нейropsихологических методов при логопедическом

обследовании детей с дизартрией, по мнению авторов, архиважно, ведь в речевой активности задействованы практически все высшие психические функции подрастающего человека – память, мышление, внимание, воображение. И развитие когнитивной сферы ребенка, как известно, считается основой развития речи, как высшей психической функции.

На основе своего практического опыта авторы последовательно доказывают значимость применения нейропсихологических методов при логопедическом обследовании детей с дизартрией. Подчеркивается, что для логопеда важно правильно определить тип нарушения мозговой структуры и их отделов, чтобы в период коррекционной работы «заставить» их работать в нужном направлении.

Ключевые слова: дизартрия, дети, младший школьный возраст, логопедическое обследование, нейропсихологические методы.

*K. Sh. Kokkozeva¹, K. S. Akhmetzhanova², K. Sh. Kumarzhanova³, *R. T. Baichinov⁴*

^{1,2,4}S. Amanzholov East Kazakhstan University,

Republic of Kazakhstan, Ust-Kamenogorsk;

²Public Utility Agency «Office of psychological and pedagogical correction of Ulansky district» Department of Education of East Kazakhstan region

³«Secondary school No. 5» training Ust-Kamenogorsk of Department of Education of East Kazakhstan region,

Republic of Kazakhstan, Ust-Kamenogorsk;

⁴Public Utility Agency «Regional psychological, medical and pedagogical consultation» Department of Education of East Kazakhstan region,

Republic of Kazakhstan, Ust-kamenogorsk.

Material received on 09.09.21.

USE OF NEUROPSYCHOLOGICAL METHODS IN LOGOPEDIC EXAMINATION OF CHILDREN WITH DYSARTHRIA

The article presents an analysis of the current state of the problem of speech therapy examination of primary school children with dysarthria. The analysis of theoretical research and practice has shown the relevance of this problem.

The authors of the article pay special attention to the use of neuropsychological methods in the speech therapy examination of children with dysarthria, since the study of children of primary school age should

be dynamic, emotionally positive, and complex, and this circumstance encourages the further search and use of effective methods of examination. The use of neuropsychological methods in the speech therapy examination of children with dysarthria, according to the authors, is important, because speech activity involves almost all the higher mental functions of the younger person – memory, thinking, attention, imagination. And the development of the child's cognitive sphere, as is known, is considered the basis for the development of speech, as the highest mental function.

Based on their practical experience, the authors consistently prove the importance of using neuropsychological methods in the speech therapy examination of children with dysarthria. It is emphasized that it is important for a speech therapist to correctly determine the type of violation of the brain structure and their departments in order to «force» them to work in the right direction during the correctional work.

Keywords: dysarthria, children, primary school age, speech therapy examination, neuropsychological methods.

Теруге 09.09.2021 ж. жіберілді. Басуға 30.09.2021 ж. қол қойылды.

Электронды баспа

4,31 Мб RAM

Шартты баспа табағы 28,0.

Таралымы 300 дана. Бағасы келісім бойынша.

Компьютерде беттеген З. С. Исакова

Корректоры: А. Р. Омарова

Тапсырыс № 3810

Сдано в набор 09.09.2021 г. Подписано в печать 30.09.2021 г.

Электронное издание

4,31 Мб RAM

Усл.п.л. 28,0. Тираж 300 экз. Цена договорная.

Компьютерная верстка З. С. Исакова

Корректор: А. Р. Омарова

Заказ № 3810

«Toraighyrov University» баспасынан басылып шығарылған

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

«Toraighyrov University» баспасы

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

8 (7182) 67-36-69

e-mail: kereku@tou.edu.kz

pedagogic-vestnik.tou.edu.kz